



# Biography

© 2014

### 3. АХМЕТОВ – ӘДЕБИЕТ СЫНШЫСЫ

Академик Зәки Ахметұлы Ахметов артына мол ғылыми мұра қалдырды. Ол қазақ әдебиеттану ғылымының әдебиеттік теория, қазақ әдебиетінің тарихы салаларында жарты ғасырдан аса еңбек етіп, ұлттық әдебиетімізді ғылыми тұрғыдан игеруге тарихи үлес қосты. Оның қаламынан шыққан іргелі еңбектер қазақ әдебиеттану ғылымының деңгейін биіктете түсті; ғалымның есімін шет елдерге де танымал етті. Сонымен бірге ғалым әдебиеттану ғылымының сыны саласында да елеулі еңбек етіп, қазақ әдебиеті мен ғылымының жетістіктерін насихаттау істеріне де өз үлесін қосты.

Зәки өзінің тырнақалды туындысы «Жамбыл – қазақ халқының ұлы мақтанышы» («Алтай большевигі», 1946, 6 шілде) атты мақаласын университет қабырғасында жүрген студент кезінде жариялайды. 1947 жылы аспирантураға түскен ол екі жылдан кейін барып, өзінің алғашқы ғылыми мақалаларын жариялай бастайды. 1949 жылы «Новое о переводах Абая из Лермонтова» («Вестник» АН Каз. ССР. 1949, №10), «Пушкин и Абай» («Вестник Ленинградского университета», 1949, № 6) сияқты мақалалары арқылы жас ғалым әдебиеттану ғылымындағы алғашқы адымдарын сәтті жасады. Диссертациялық жұмысы негізін құраған «Лермонтов и Абай» (1954) атты алғашқы кітабы шыққанға дейін ол осы тақырып бойынша «Қазақ әдебиеті дамуына орыс әдебиетінің прогресшіл ықпалы» («Социалистік Қазақстан», 5.XII.1951), «Лермонтов пен Абай» («Социалистік Қазақстан», 10.VIII.1951), «Лермонтов шығармаларының Абайға әсері» («Әдебиет және искусство», 1951, №8), «Лермонтов и Абай» («Қазақстан», 1951, №5), «Новое о переводах Абая из Лермонтова» («Тюркологический сборник», М.-Л., 1951), «Некоторые вопросы

тектологического изучения произведений Абая Кунанбаева» («Вестник АН Каз.ССР». 1953, №10, Ы.Дүйсенбаевпен бірге), «Абай Кунанбаев и русская литература» («Вестник АН Каз.ССР.» 1954, №6), «Великий казахский поэт Абай Кунанбаев» («Коммунист Казахстана», 1954, №8), т.б. сияқты мақалаларын жариялап, қазақ әдебиеттану ғылымына тағы бір таланттың келіп қосылғанын аңғартты.

З.Ахметовті ғалым ретінде танытқан – оның алғашқы кітабы «Абай мен Лермонтов». Осы тақырыпта кандидаттық диссертация қорғап, кітап шығарғанына қарамастан, ол осы бағыттағы ізденістерін жалғастырып, әр жылдарда «Восьмистишья Абая» («Вопросы казахской филологии», А., 1964), «Стихотворное новаторство Абая» («Ученые записки КазГосЖенПИ», Вып.IV, 1964), «Роль Абая в укреплении литературных связей Казахстана с Россией» (Сообщения и доклады КазГосЖенПИ, А., 1971), «Абай – ұлы ақын, ағартушы» («Қазақ ССР ҒА Хабаршысы», 1985, №4), «Ойшыл, суреткер ақын» («Абай тағлымы», А., 1986), «Абай Құнанбаев» («Қазақ ССР. Қысқаша энциклопедия». А., 1989, т.4), «Абай – мысалшыл ақын» («Алматы ақшамы», 31.V.1993), «Абай сөзіне үңілсек» («Қазақ әдебиеті», 6.VII.1993), «Абайдың ашылмаған бір қыры» («Ақиқат», 1994, №5), «Абай шығармаларының орысша аудармасы хақында» («Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы, 1995, №4»), «Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы» («ҚазМУ хабаршысы», Филология сериясы, 1995, №3), «Великий поэт и мыслитель» («Мысль», 1995, №3), «Абай и мировая литература» («Абаевские чтения», А., 1997), «Мировое значение творчества Абая» («Абаевские чтения», А., 1997) т.б. сияқты мақалаларын жазып, Абайдың ақындық әлеміне тереңдей түсті. «Абайдың ақындық әлемі» Зәкидің осы саладағы ұзақ жылдар бойы жүргізген зерттеулерінің жиынтығы, қорытындысы іспеттес.

Ғалымның М.Әуезов туралы алғашқы мақаласы 1956 жылы жарияланыпты (Романы М.Ауэзова об Абае. «Коммунист Казахстана», 1956, №11). Осы кезден бастап Әуезов тақырыбы З.Ахметовтің ғылыми шығармашылығындағы өрісті арнаға арналды. Әр жылдарда «Эпопеядағы әйелдер бейнесі» («Тұңғыш қазақ эпопеясы», А., 1957), «Выдающийся казахский писатель» («Ученые записки КазГосЖенПИ», 1958, вып 2), «Мухтар Ауэзов – литературный критик» («Советская литература», 1974, №3), «Проблемы изучения творчества М.Ауэзова» («Вестник АН КазССР», 1977, №10), «Әдебиетіміздің асқар тауы» («Жұлдыз», 1977, №8), «Абай жолы» қалай туған?» («Қазақ әдебиеті», 27.I.1984), «Эпопеяның туу тарихынан» («Мұхтар Әуезов тағылымы», А., 1987), «Абай және Әуезов» («Қазақ тілі мен әдебиеті», 1995, №4), «Абай жолы» – тарихи шындық пен коркемдік шындық» («Заман-Қазақстан», 1.VIII.1997), «Абай жолы» эпопеясының жазылу тарихы» («Мұхтар Әуезов хақында мақалалар», Анкара, 1997), «Мұхтар Әуезов және әлем әдебиеті» («Егемен Қазақстан», 27.IX.1997), «Мировое значение творчества Абая» («Абаевские чтения», А., 1997), «Мухтар Ауэзов – великий писатель коммунист» («Мысль», 1997, №4), «Мұхтар Әуезов – қазақ әдебиетінің классигі» («Мұхтар Әуезов – XX ғасырдың ұлы жазушысы және гуманисті», А., 1997), т.б. мақалаларын жазды. 1984 жылы «Абай жолы» эпопеясының поэтикасы және оның жазылу тарихы» («Поэтика эпопеи «Путь Абая» в свете истории ее создания», А., 1984, орыс тілінде) атты кітабы жарық көрді. М.Әуезовтің 100 жылдығы қарсаңында осы кітап толықтырылып, «Мұхтар Әуезовтің роман-эпопеясы» («Роман-эпопея Мухтара Ауэзова» А., 1997, орыс тілінде) атты монография болып шықты. М.Әуезовтің шығармашылығы жайлы біршама еңбектер жарық көрген. Солардың ішінде – З.Ахметов зерттеулерінің маңызы сол, бұлар әлемдік әдебиет айдынына шыққан М.Әуезовтің шығармашылығын

орыс тілі арқылы дүниежүзілік оқырмандарға кеңірек таныстырды.

Қазақтың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезов жайындағы «Әдебиетіміздің асқар тауы» («Жұлдыз», 1977, №8), «Даналық шыңы» («Егемен Қазақстан», 22.03.1996), «Мұхтар Әуезов және әлем әдебиеті» («Егемен Қазақстан», 22.09.1997), «Абай жолы» қалай туған?» («Қазақ әдебиеті», 27.01.1984), «Романы Мухтара Ауэзова об Абасе» (қолжазба, бұрын жарияланбаған) тақырыбындағы зерттеу мақалалары да осы саладағы елеулі еңбектердің қатарында.

Сөйтіп, З.Ахметов қазақтың руханият әлеміндегі қос жұлдызы – ХХ ғасырдағы Абай мен ХХІ ғасырдағы Мұхтар туралы, олардың шығармашылығы, ұлылығы хақында жан-жақты зерттеулер жүргізіп, толымды ойлар толғады; рухани өміріміздегі аса маңызды орнына тағы да назар аударды; тек қазақ халқының ғана емес, әлемдік әдебиет алыптарымен үндесіп жатқан ұлы тұлғалар екендігін дәлелдей түсті.

Ғалымның Абай мен Мұхтар жайлы зерттеулері тек монографиялар жазумен шектелмеген. Ол қазақ әдебиетінің бұл екі бәйтерегінің артында қалған асыл мұраларын зерттеумен бірге оларды қалың көпшілікке насихаттап, таныстырып отыруда да айтарлықтай еңбек сіңірді. Зәкеңнің түрлі мерейтойлық жиындарда жасаған баяндамалары мен осыған орай жазған мақалаларының дені 2008 жылы «Арда» баспасынан шыққан «Асыл сөз арнасы» сын, зерттеу жинағына кіріпті. Ғалымның «Пушкин и Абай» («Вестник», Ленинград, 1949), «Новое о переводах Абая из М. Ю. Лермонтова» («Тюркологический сборник», Ленинград, 1951) секілді тырнақалды зерттеулерімен осында таныстық.

«Қазақтың бас ақыны» («Егемен Қазақстан», 09.08.1995), «Абайтану және ғылыми зерттеу әдіс-тәсілдері» (Кітапта: «Ұлылық өнегесі». Семей, 1994), «Білімдіден шыққан сөз» («Егемен Қазақстан», 22.01.1994), «Великий поэт и мыслитель» («Мысль», 1995, №3), «Татьяна, русская душою...»

(«Казахстанская правда», 08.08.1995), «Тургенов и Абай» («Тургеновский сборник», Ленинград, «Наука», 1968), «Абай шығармаларының орысша аудармалары хақында» (Кітапта: «Көркем аударма теориясы мен тарихының өзекті мәселелері», А., 2002) секілді кезінде түрлі басылым беттерінде жарық көрген мақалалары насихаттық мақсатпен жазылғанымен де ғылыми сыпаты басым. Осы кітапта ғалымның бұрындары еш жерде жарияланбаған «Абай және Әуезов» атты көлемді зерттеу мақаласы жарық көріпті.

Академик қазақ руханиятының қос бәйтерегі Абай мен Мұхтардың әдеби мұрасын зерттеумен бірге ұлттық әдебиеттің тарихының көрнекті өкілдері хақында да ой тербетіп, бірсыпыра еңбектер қалдырды. Ол «Әлем әдебиетінің тарихына» («История всемирной литературы». Т. 7, Москва, «Наука», 1991) «Қазақ әдебиеті», «Көпұлтты совет әдебиетінің тарихына» («История многонациональной литературы». Т.4, Москва, «Наука», 1972) «Қазақ поэзиясы» туралы тарауларын, Сұлтанмахмұт Торайғыровтың үш томдық шығармалар жинағына «Сұлтанмахмұт ақын» тақырыбындағы көлемді алғысөз (С. Торайғыров. Үш томдық. 1 том, Алматы, «Жібек жолы», 2002) жазды.

Ғалымның қазақ, орыс тілдерінде жазылған «Дулат туралы» («Қазақ әдебиеті», 19.07.2002), «Махамбет Утемисов. Пламенный поэт - борец» («Казахстанская правда», 20.10.1979), «Чокан Валиханов и наша современность» («Вестник» Академии наук КазССР, 1985, №11), «Шәкәрім Құдайбердіұлы» қолжазба), Шәңгерей ақын» (қолжазба), «Жамбыл Жабаев. Великан народной поэзии» («Мысль», 1996, № 4), «Кенен Азербайев и наша современность» («Вестник» Академии наук КазССР, 1984, №9), «Ілияс ақын. Өлеңнің өрен жүйрік Құлагері» («Қазақ әдебиеті», 17.06.1994), «Сәбит Мұқанов және тарихи таным» (қолжазба), «Иса Байзақов. Суырып салма ақындық өнердің классигі» («Қайнар университетінің хабаршысы».

2001, №4), «Ғабит Мусрепов. Талант и взыскательность» («Известия» Академии наук КазССР. 1977, №1) секілді мақалаларында қазақ әдебиетінің тарихында өзіндік орны бар көркем сөз зергерлерінің шығармашылықтары хақында толымды ойлар айта білді.

Қазақ әдебиеттану ғылымының Бейсембай Кенжебаев («Қазақ әдебиеті», 11.11.1994), Қажым Жұмалиев («Учитель Казахстана», 12.06.1968), Шәмшиябану Сәтбаева («Егемен Қазақстан», 05.12.2000), Зейнолла Қабдолов («Хабаршы», ҚазМҰУ, 1997, №14), Әнуар Дербісалин («Социалистік Қазақстан», 14.07.1989) секілді көрнекті өкілдері жайлы әңгімелегенде олардың өзіндік болмыстарын, зерттеушілік ерекшеліктерін аша түсіп, ғылымға қосқан үлестеріне назар аударған.

Қазақ әдебиетінің басқа халықтар әдебиеттерімен байланыстары қозғалып, әр кездерде жазылған «Шыңғыс Айтматов» (қолжазба), «Пушкин және қазақ әдебиеті» («Қазақстан ғылымы», 1999, №10), «Лермонтов және қазақ әдебиеті» («Қазақстан коммунисті», 1964, №10-11), «Лев Толстой. Гигант русской и мировой литературы» («Казахстанская правда», 09.09.1979), «Тарас Шевченко. Великий поэт, революционер-демократ» («Партийная жизнь Казахстана», 1964, №3), «Зоя Кедрина. Қазақ әдебиетінің досы» («Қазақ әдебиеті», 14.09.1979), «Садриддин Айни. Развитие таджикско-казахских литературных связей» («Известия» Академии наук КазССР.1978, №2), «Мырза Фатали Ахундов. Ой иесі, өнер иесі» («Қазақ әдебиеті», 12.10. 1962) мақалалары ғалымның «Асыл сөз арнасы» (А., «Арда», 2008) атты сын, зерттеу жинағына топтастырылыпты.

Көлемі 460 беттей ауқымды еңбек «Қазақ поэзиясының өлең құрылысы» («Строй стиха в казахской поэзии»), «Қазақ поэзиясындағы әнге арналған өлең формалары» («Песенно-стихотворные формы народной поэзии»), «Қазақ өлең құрылысын дамытудағы Абайдың ролі» («Роль Абая в раз-

вителии казахского стихосложения»), «Қазіргі өлең және өлең құрылысындағы жаңашылдық проблемалары» («Современный стих и проблемы новаторства в стихосложении») атты әрқайсысы жеке-жеке зерттеулердей қалыпқа түскен төрт тараудан тұрады. Монографияның басты мақсаты - әлемдік түркологияның, қазақ әдебиеттануының жетістіктеріне сүйене отырып, қазақ өлеңінің біртұтас теориясын жасап шығару. Автор бұл аса қиын да күрделі міндеттің үдесінен үлкен абыроймен шыға алған.

Еңбектің соңғы тарауы қазіргі қазақ өлеңінде болып жатқан өзгерістерге, өлең құрылысындағы жаңашылдық проблемасына арналған. Бұл ретте қазақ кеңес поэзиясының аса көрнекті өкілдері С.Сейфуллиннің, Б.Майлиннің, І.Жансүгіровтің, сол сияқты Қ.Аманжоловтың, Ә.Тәжібаевтің, А.Тоқмағамбетовтің, Т.Жароковтің, Д.Әбіловтің, Ғ.Ормановтың, Ә.Сәрсенбаевтің, Ж.Саинның, Х.Бекхожиннің, Х.Ерғалиевтің, С.Мәуленовтің, Ж.Молдағалиевтің, т.б. өлең орнектеріндегі өзіндік ерекшеліктерін айқындайды; өлең құрылыстарындағы дәстүр мен жаңашылдық іздеріне зер салады. Бұлардың таңдаулы шығармаларының өлеңдік құрылысы да жаңаша көрінгендігі, оларда ырғақ пен екпіннің өзгеше үйлесім тауып, өмірге жол тартқандығы айтылған. Зерттеушінің пайымдауынша, өлең құрылысын жетілдіре беру – шексіз, ол әр ақынның дарын қуатына, ізденумен келетін шеберлікке байланысты. Қазіргі қазақ поэзиясында осы бағытта шығармашылық ізденістер жүріп жатыр.

З.Ахметовтің осы саладағы елеулі еңбектерінің бірі – «Өлең сөздің теориясы» (А., 1973). Орыс тілінде шыққан «Қазақ өлеңінің құрылысында» қазақ өлеңінің құрылысын теориялық тұрғыдан қарастыру мақсат тұтылса, біз сөз еткелі отырған еңбекте қазақ поэзиясының поэтикасын, көркемдік әлемін әңгімелеу алға шыққан. Кітаптың мақсаты «Кіріспеде» «өлең сөздің теориясы, яғни қазақтың өлең



тілі мен өлең құрылысының ерекшеліктері сөз болады» (З.Ахметов. Өлең сөздің теориясы. А., 1973, 3-бет) – деп, айқындалған.

Осы еңбекте Абайдан кейінгі дәуірдегі поэзиядағы өрнекті тілге тоқталғанда, С.Сейфуллиннің, І.Жансүгіровтің, С.Мұқановтың, Ж.Молдағалиевтің, Ә.Тәжібаевтің, Қ.Аманжоловтың, Қ.Мырзалиевтің, Ә.Абайділдановтың, Т.Молдағалиевтің, т.б. өлеңдерінің жаңашыл жақтары талданылады. Әсіресе Сәкен өлеңдерінде жаңа заманды бейнелеудің жаңаша тәсілдерінің көбірек қолданылуы, Ілиястың сезім күйлерін суреттеудің асқан шебері екендігі жайлы пайымдары қызықты.

Ғалымның соңғы еңбегі – «Поэзия шыңы – даналық» (Астана: Фолиант, 2002, 408 бет). Бұл еңбек З.Ахметовтің жарты ғасырдан астамғы ғылыми ізденістерінің қорытындысы, нүктесі іспеттес. Ғалымның зерттеу нысаны – бүкіл қазақ поэзиясы, оның әсемдік әлемі. Ұзақ жылдар бойғы ізденістердің сығымдалған сығындысы, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні іспеттес монографияда жалпы сөз өнері, оның ішінде поэзия, оның аса көрнекті өкілдері, поэтика, бейнелесу құралдары жөнінде қазақ өлеңінің материалдарына сүйене отырып айтылған құнарлы ойлар баршылық.

Кітап – қазақ поэзиясын тұтастай тарихи даму үстінде, дәстүрдің жаңашылдыққа ұласуы тұрғысында қарастырып, оның көркемдік ерекшеліктеріне теориялық тұрғыдан жан-жақты талдаулар жасаған, ғасырлар бойғы даму барысында шырқау шыңға шыққан қазақ өлеңінің ұлттық болмысын танытқан, жалпы сөз өнері жайлы қызғылықты байқаулар, пайымдаулар жасай алған құнды еңбек.

Қорыта айтқанымызда, З. Ахметов ұлттық әдебиетіміз бен ғылымының жетістіктерін қалың оқырманға насихаттау істерінде де белсенділік танытты. Қазақ әдебиетінің, оның ішінде поэзиясының жай-күйін саралаған, үздік үлгілерін, көрнекті қайраткерлерін насихаттаған мақалалары мерзімді

баспасөз беттерінде үзбей жарияланып тұрды. З. Ахметов есімінің халық арасында беделінің жоғары болуының бір себебі осында болса керек.